

Ел үшін...

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институционалдық халықтық бағдарламасын жариялады. Онда жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу мәселесіне айрықша көңіл бөлінген. Өйткені мақсат етіп отырған әлемнің мейлінше дамыған 30 елінің құрамына кіру – ел мен жерге сүйіспеншілігі шексіз патриот азаматтарсыз мүмкін емес шаруа.

Кемеңгер халқымыз да өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуді бір мезетте назардан тыс қалдырған емес. Ғасырлар бойы халқымыз атадан балаға мұра болып отырған елі мен жерін көзінің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдыруды ұлттық рухтың биік шыңы деп білген. Туған жерге, тілге, ділге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа, сондай-ақ наным-сенімге деген сүйіспеншілікті ту етіп ұстаған. Тәлім-тәрбие мәселесіне отбасыдан бастап, ел тізгінін ұстаған хандар мен билер, ақындар мен жыраулар да, ерекше мән берген. Жыр-дастандар, ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелердің де негізгі тақырыбы осы сарында болған.

Тарих бетін парақтап, өткенге көз жүгіртсең, халық тағдырының тым аянышты, қасіретті болғанына көз жеткізесің. Сүдігерлі де соқпақты, небір тар жол, тайғақ кешулерден өткен қазақ халқы шын мәнінде де мың өліп, мың тірілген. Шаңырақ көтергеніне 550 жыл толған Қазақ хандығы Ресей бодандығының қамытын кигенше біршама дербес мемлекет болды. Біреуден ілгері, біреуден кеш дегендей ғұмыр кешті. Хандық өз тәуелсіздігін сақтап қалу үшін ата жауымыз жоңғарлармен, іргедегі ортаазиялық хандықтармен үнемі дерлік соғысып келді.

Ал Ресей империясына толықтай отар болып, тәуелсіздігін жоғалтқан елімізде сонау 1731 жылдан 1986 жылға дейін өзінің бостандығы үшін 700-ге жуық ұлт азаттық көтерілістер мен қозғалыстар болды. Өткен ғасырларда халқымыз талай рет демографиялық апаттарға ұшырады. Азаттық үшін соғыстардағы шейіт болғандарды есепке алмағанның өзінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәтижесінде қазақ халқының 49 пайызы қырылып, 1 миллионға жуығы шетелдерге босып кетті. XX ғасырдың I жартысында халқымыздың түрлі нәубеттерден қырылғаны бар, өзге елдерге босып кеткені бар, барлығы 5 миллион адамын жоғалтты. Бұл орны толмас, аса ауыр қасірет еді.

1870-1970 жылдар аралығында лагерьлер жүйесін, неміс және жапон тұтқындарын есептемегеннің өзінде Қазақстанға 7 миллионға жуық адам көшірілді. 1897 жылы Ресейде өткізілген алғашқы халық санағында

Қазақстандағы қазақ саны 81,7 пайызын құраса, 1962 жылы, яғни Хрущев билігі тұсында 29 пайызға құлдырады. Осылайша қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған еді. Мінекей, сол кездегі біздердің ұрандатып, әнге қосып жүретін лениндік «данышпандық» ұлт саясатының шынайы сиқы осы еді. Өз территориясының көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орынға ие Қазақстан аумағы толығымен дерлік ядролық, биологиялық қаруларды сынайтын полигонға айналды. Бұл сынақтар қазақ жерін улап қана қоймай, халқымыздың генофондын да әлсірете түсті. Халықтың рухы жаншылып, жері тозды. 1949 жылдың 29 тамызынан бастау алған, Семейдегі ядролық полигонның үні тек 1991 жылғы 29 тамыздағы Елбасымыздың жарлығынан кейін ғана өшті.

Қылышынан қан тамған қызыл империя құлап, тәуелсіздік таңы атқан соң ғана тіліміз, діліміз және дініміз қайта жаңғырып, еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Десек те, алдымызда бұл мәселелер төңірегіндегі күрмеуі қиын проблемалар жетерлік. Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяға айналуы тиіс, өйткені ол – сонау көкбөрі түркілерден бастау алған ата-бабаларымыздың асыл арманы, әлемнің өркениетті дамыған 30 елінің құрамына кіру жоспары және жаңа қазақстандық патриотизмнің өзегі.

Біздің пайымдауымызша, патриоттық – бұл ең алдымен саған өмір сыйлаған ата-анаң және екінші анаң Отанға деген сүйіспеншілік. Аты аңызға айналған хас батыр Бауыржан Момышұлы «Отан оттан да ыстық» деп жәй айтпаған. Бүгінгі таңда қазақстандық патриоттық – еліміздің гүлдене өркендеуінің негізгі қозғаушы күші.

Өйткені қазіргі жаһандану кезеңінде тек жоғары білікті маман боп қалу тым жеткіліксіз. Білікті маман тәрбиелі де парасатты өз еліне шын берілген жалынды патриот та болуы тиіс. Бұл орайда, аты әлемге мәшһүр бабамыз, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл Фарабидің «тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы» деген ұлағатты сөзі әрдайым есте болуы тиіс. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының арқауы ретінде отандастарымызды патриоттық, қонақжайлылық және меймандостық рухында тәрбиелеуде теңдесі жоқ халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тандалса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені олар даңқты ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесінің, тыныс-тіршілігінің жемісі. Солардың біразы бізге мақал-мәтелдер түрінде жетіп отыр. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деп Отан сүйеге баулыса, патриоттық, ұлтжандылық деген асқақ сезімдерден жұрдай, опасыз сатқындарды «сүйегі бардың иті, тон кигеннің биті», «кімнің тарысы піссе, соның тауығы» деп келемеждеген.

Ал енді этносаралық, конфессияаралық ынтымақ мәселесіне келсек, қазақ халқы ежелден-ақ шын мәніндегі интернационалшыл ұлт. «Кел демек бар да, кет демек жоқ», «Бермегенді беріп ұялт», «Таспен ұрғанды аспен ұр», немесе «Бір күнгі ұрыс-керіс қырық күнгі несібеден айырады» деген сияқты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан туындаған мақал-мәтелдер достық пен ынтымақты ту еткен ұлттық педагогикамыздың інжу-маржандары. Ал енді, өз өктемдігін жүргізгісі келетін кейбіреулерге «Қонақ қойдан да жуас», «Жаман үйдің қонағы билейді деген» немесе «Шаңыраққа қарайық» деп сыпайы ғана ескертіп отырған. Кемеңгер қазақта «Бір рет дәм-тұзын татқан үйге қырық күн сәлем» деген аталы сөз бар. Осы жерде, дәм-тұзын бір рет қана емес, ондаған жылдар бойы татып, бүгінгі таңда кісі елінде «сұлтан» болып жүрген кейбір саясатшысымақтар мен өз ішіміздегі сепараттық пиғылдағы жерлестеріміздің қазақ халқының тарихы, еліміздің шекарасы туралы айтқан сандырақтары еске түсіп, еріксіз қынжылтады. Қазақ мұндайда «ит үреді, керуен көшеді», бір құдай тапсын оларды, уақыт шіркін өзі төреші болар дейді.

Қай елде болсын, сол елдің халқының айрандай ұйып, жұдырықтай жұмылуында мемлекеттік тілдің алар орны айрықша. Тәуелсіздігін жариялаған кезде, еліміздегі қазақтардың саны 6,8 миллионды құрап, бар халықтың небәрі 41 пайызы болса, қазір 11 миллионға жетіп, 65 пайыздан асып отыр. «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілген кезде, біз отанымызды «Қазақ елі» деп атайтын боламыз» деген еді бұл орайда Елбасы. Біздің бұл мақсатымыз, әсіресе, бүгінгі таңда әлемде қалыптасқан геосаяси ахуал мен Украина төңірегіндегі оқиғалардан соң өз өзектілігін одан әрі ұштай түсіп отыр.

Тәуелсіздік жылдарында жастарға білім-тәрбие беруде қомақты табыстарға қол жеткізгеніміз баршаға аян. Десек те, жүргізілген реформалар, негізінен білім беру саласын қамтып, заман талаптарына сай маман тұлғасын қалыптастыру мәселесіне тиісті көңіл бөлмеген сияқты. Біз жастарды патриоттық, этносаралық ынтымақ, эстетикалық және этикалық тәрбиелеуде айрықша орны бар кемеңгер қазақ халқының философиялық мәні терең салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұмыта бастағандаймыз. Халқымыздың аса бір қасиетті «үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-анаға қошемет» дейтін қағидатының да жадымыздан өше бастауы өте өкінішті. Бүгінгі таңда кейбір жастарымыз ата-ана алдындағы борышы мен парызын өтеу былай тұрсын, оларға бейәдептілік көрсетіп, тіпті қарттар үйіне тапсырып жіберетіндігіне де куә болып жүрміз.

Қазақ елі – көп дінді, көп конфессиялы мемлекет. Еліміздің Конституциясы сенім бостандығына кепілдік береді. Халықтың діни наным-

сенімдері мемлекеттің өркендеп дамуында елеулі рөл атқаратыны белгілі. Сондықтан да болар, Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында бұл проблеманы да назардан тыс қалдырған жоқ. Бүгінгі таңдағы өткір мәселелердің бірі ретінде жалған діни ағымдар екендігін баса айтты. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін мысалға ала отырып, «хиджаб» кию мәселесіне де айрықша тоқталды. Оның ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың салт-дәстүрлеріне жат екендігін тілге тиек етті. Классикалық көркем әдебиеттерді оқып, көркем фильмдерді көруге шақырды. «... Бет-ауыздарын тұмшалап алған қазақтың қыз-келіншектері мен ақ шашты кейуаналары солардың ешбірінде де кездеспейді», – деді ол. Солай бола тұрғанның өзінде де, ашық-шашық жүрген ешкімді де көрмейсің. Бәрі де сәнді, әрі жарасымды ұлттық киімерді киіп жүрген. Қазақ халқы өз қыздарын ерекше құрметтеп қастерлеген. Оларға берілетін тәлім-тәрбиені де естерінен шығармаған. «Қызға қырық үйден тыйым», «Қыздың жолы жіңішке» деп отырған. Сонау біздің заманымыздан бұрынғы сақ тайпалық бірлестіктерінің патшайымдары Зарина мен Томирис, Кенесары ханның бауыры Бопай ханша, кешегі сұрапыл соғыс жылдарында бүткіл шығыс халықтары қыздары ішінен Совет Одағының батыры атанған қос қарлығаш Әлия мен Мәншүк, 1986 жылдың ызғарлы Желтоқсанында тоталитарлық жүйенің өктем саясатына «жаным арымның садақасы» деп қарсы шыққан аяулы қара көздеріміз жоғарыда айтқанымыздың анық айғағы.

Өз территориясының көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орынға ие қазақстан аумағы толығымен дерлік ядролық, биологиялық қаруларды сынайтын полигонға айналды. Бұл сынақтар қазақ жерін улап қана қоймай, халқымыздың генофондын да әлсірете түсті. Халықтың рухы жаншылып, жері тозды. 1949 жылдың 29 тамызынан бастау алған Семейдегі ядролық полигонның үні тек 1991 жылғы 29 тамыздағы Елбасымыздың жарлығынан кейін ғана өшті.

Биылғы жыл баршамыз үшін дүбірлі тойларға толы ерекше жыл. Халқымыздың аяулы ұлдары Керей мен Жәнібек іргесін қалаған Қазақ хандығының шаңырақ көтергеніне 550 жыл. Қасым, Есім, Тәуке хандарымыздың Заңдар жинақтарының заңды жалғасы іспеттес Конституциямыз бен ел бірлігін қамтамасыз етуде елеулі рөлге ие Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл. Фашистік Германияны тізе бүктірген Ұлы Жеңіске 70 жыл толып отыр. Ендеше, өміріміздің жалғасы, егемен еліміздің келешегі жастар тәрбиесін естен шығармайық.

Саттар Қуашбаев, экономика ғылымдарының докторы, профессор